

Карашева Ж.Т.
Мұрагерліктің жалпы сипаттамасы

Бұл мақаланың бастапқы мәселесі мұрагерлік институтының жалпы сипаттамасы. Мұрагерлік институты – өте ертеден келе жатқан институттардың бірі. Мұрагерлік институттың қалыптасу тарихына көз жіберсек, оның адамзат қоғамымен бірге жасасып, бірге дамып отырғанын байқаймыз. Мұрагерлік бойынша қайтыс болған адамның жеке басымен байланысты құқықтары немесе өзіндік меншік құқығы заң бойынша заңды мұрагерлеріне өтеді. Мұраға ие болу негіздері заң бойынша және өсиет бойынша жүзеге асырылады.

Түйін сөздер: мұрагер, өсиет, меншік, мүліктік құқықтары.

Karasheva Zh.T.
General description of heritage

General description of heritage is the main issue of this article. Institution of heritage is one of the ancient institutions. If we look through the history of its development, we will see that this is closely connected to society. According to the heritage rights and rights of property of deceased person are handed down to heir-at-law. The principles of getting owner of heritage are implemented by law and will.

Key words: heritage, will, property, rights of equity.

Карашева Ж.Т.
Общая характеристика наследования

Главной темой этой статьи является общее описание института наследования. Институт наследования – один из древних институтов. Если ознакомиться с его историей, то можно заметить, что он тесно связан с обществом и развивается вместе с ним. Согласно закону, имущества, права и связанные с ними собственности умершего лица по наследству переходят к его наследникам. Достижение наследственности осуществляется с помощью закона и завещания.

Ключевые слова: наследник, завещание, собственность, имущественные права.

**МҰРАГЕРЛІКТІҢ
ЖАЛПЫ
СИПАТТАМАСЫ**

20-ғасырдың басынан бастап мұрагерлік құқық ең маңызды азаматтық құқықтар ретінде танылып, осы кезде қабылданған конституцияларда көрініс тапты. Мұрагерлік құқық адамдардың конституциялық құқығы ретінде қорғалып, оған кепілдік берілетін болды. Сондықтан сол кезден бастап мұрагерлік құқық өзінің өзектілігін сақтап келеді және өмірдің қарыштап дамып, адамдардың меншігіндегі мүліктің құны мен саны шектелмейтін болғандықтан оның маңызы арта түсуде. Себебі меншігінде белгілі бір мөлшердегі мүлкі болғанда оны мұраға кімге, қандай үлесте қалдыруға болады деген сұрақтар туындайды. Бұл сұрақтарға жауапты мұрагерлік құқық институтына табуға болады. Қазақстан Республикасының Конституциясында да меншікке қатысты бабында мұрагерлік туралы ерекше атап өткен. Қазақстан Республикасы конституциясының 26-бабының 2-тармағында: «Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі» – деп жарияланған. Бұл конституциялық ереже Қазақстан Республикасы Азаматтық кодекстің 6-тарауында өз жалғасын тапқан. «Мұрагерлік құқық» деп аталатын тарауда мұрагерлік институты толық қарастырылған. Дегенмен, өмірде әртүрлі жағдайлар кездеседі және оларға байланысты көптеген мәселелер мен сұрақтар пайда болып олар тездетіп шешуді талап етеді. Мұрагерлік-құқықтық қатынастардан пайда болатын дауларға байланысты сот және нотариат тәжірибесінде істер көп болатыны да сол себептен.

Мұрагерліктің әмбебап анықтамасы бойынша – мұрагерлік деп қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамға (адамдарға) – мұрагерге (мұрагерлерге) қалдыруы деп түсінуіміз керек, мұраға қалдырушының оның мұрагеріне мұраға қалдыру заңының нормаларына сәйкес түрде ауыстыру керек. В.И. Серебровский өз анықтамасын былай деп берді, оның анықтамасына сәйкес мұра деп, не мұраның қабылдап алуының, яғни қайтыс болған кісі мұрасының басқа бір кісіге ауыстыру немесе оның мұрагерлері болып табылатын басқа кісілерге – заңда бекітілген тәртіп бойынша бұл заң не ғылыми әдебиетте, не заң шығарушы органдарынан қолдау таппады[1]. Осыған байланысты қазіргі күні жүретін заңдар бойынша мұрагерлікке беру кезінде тек қана мүліктің ауысуы емес, сонымен қатар мәңгі құқық объектісінің ауысуы да мүмкін, оларға

қойылатын ең бірінші дәрежедегі шарт болып табылады, бірақ та міндеттелінген құқықтарға айтылған бірінші анықтама маған дұрысырақ көрінеді.

Мұраға беру түсінігін нақтылайтын болсақ, келесі жағдайларды атап өту қажет:

1. Мұраға қалдырушының құқықтары мен міндеттері толығымен және бір мезгілде, өзгеріссіз мұрагерге құқық қабылдаушылық тәртібінде ауысады.

2. Мұрагерлерге мұраға қалдырушының (азаматтық заңдар мен өзге құқықтық актілерде тыйым салынбаған, мұрагерлік тәртібіне қайшы келмейтін) барлық құқықтары мен міндеттері ауысады.

3. Заң шығарушы органның іс-әрекеті бойынша сұрақ ерекше шешіледі және де оларға толығымен сүйену керек. Мұраға беру дауын қарастыру кезінде мұрагерлікке қалдыру іс-қағаздарын ашқан күні әрекет ететін заңдар нормасының тәртібі бойынша мұрагерлер тобы, ондағы тәртіп, мұраны қабылдау мерзімдері және де мүлікті мұраға берудің құрамы анықталынады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 6-бөлімі – «Мұрагерлік құқық» деп аталған. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Пленумының Қаулысында «Мұрагерлік туралы заңда кейбір сұрақтарды қолданғанда» «мұраға қалдыру» термині қолданылады. Біздің әдебиетімізде және соттық тәжірибеде бұл әр түрлі терминдер синоним деп есептелінеді. Кейде мынадай сөздерді кездестіруге болады «қандай да бір азаматтық мұраға ие болу құқығы бар» немесе «қандай да бір азамат мұрагерлік құқыққа ие» болып табылады.

Сөйтсе де, бұл терминдердің мағынасы әр түрлі болып табылады. Мұраға ие болу құқығы – бұл берілген тұлғаның субъективті құқықтары. Ал мұрагерлік құқық – ол құқықтық нормалардың жүйесі, белгілі қарым-қатынастар тобын реттейді. Бұдан басқа мұрагерлік құқықты субъективті және объективті мағынада айтуға болады. Субъективті мағынада мұралық құқық «мұрагерлік құқық» болып қалады. Мұрагерлік құқық азаматтың құқықтық бөлігі ретінде мемлекеттің белгіленген ережелер жинағын білдіріп, мұра қалдырушының мұралық құқығымен міндетін мұрагерге ауысарда мұралық құқық бойынша реттейді.

Мұрагерлік – өте ертеден келе жатқан институттардың бірі. Мұрагерлік институттың қалыптасу тарихына көз жіберсек, оның қоғаммен бірге жасасып, бірге дамып отырғанын байқаймыз.

Алайда, алғашқы қауымдық қоғам кезеңінде, адамдардың қажеттіліктері қазіргі заманмен салыстырғанда өте қарапайым болып және оны қанағаттандыру құралдарының жетімсіздігі әсерінен болар, ол кезеңдерде әлі мұрагерлік деген түсінік қалыптаспаған еді. Мүмкін, оны мұраға қалдыратын мүліктердің жоқтығымен де түсіндіруге болар. Әрине ол заманда да аңшылық, балық аулау құралдары, жабайы аңдар терілері, үйде ұстауға қажетті жабдықтар, т.б. адам өміріне қажетті құралдар әкеден балаға, рудан руға өтіп отыратын. Әкеден балаға мирас түсінігі, бәлкім, осыдан қалған болар. Сонымен, мұндай жағдайда туындайтын қатынастар құқық нормаларымен емес, ғасырлар бойғы дәстүрлермен реттелетін еді. Соған сәйкес, бұл қатынастарды жүзеге асыру қазіргідей мемлекеттік мәжбүрлеу шарасымен емес, қоғамдық пікір, ру, тайпа беделі сияқты шаралармен жүзеге асырылатын.

Кейінірек шаруашылық мүліктері дамыған сайын адамдардың қатынастары күрделене келе, тайпалық қатынастар әлсіреген кезде қайтыс болған адамның мүлкі кімге қалады, оған кім ие болды деген заңды сұрақ әркімнің көкейінде тұратын болады. Осылайша қоғам әлеуметтік топтарға бөліне келе, жеке меншік қалыптаса түсіп, осылармен бірге мұрагерлік те пайда болып, дами берді.

Кейін келе мемлекеттің пайда болуына орай, әлеуметтік жіктелістің айқындала түсуі меншіктің алуантүрлігін тудырды. Оның айқын көрінісі, саяси биліктің ең жоғарғы нысаны саналатын мемлекеттік тақ мұрагерлерінің пайда болуы дер едік. Тақ мұрагерлігі әр елде, әр түрлі тарихи кезеңдерде әр түрлі аталғанымен, сипаты жағынан бәрі де монархиялық (әкеден балаға, ағадан ініге) дара билеуге саяды [2].

Ал, түбі бір түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының тарихында ерте заманнан бері мұрагерліктің әскери, әкімшілік, тайпалық, рулық, аумақтық, мүліктік және рухани дәстүрлі жалғастығы немесе мұрагерлігі қалыптасқан болатын. Біздің ата-бабаларымыз құрып, қалыптастырған үлкенді-кішілі мемлекеттерде мемлекет – халық – әскер үштігінің бірлігі негізінде бұлжымас салттық дәстүрмен біте қайнасқан.

Ру-тайпаның әрбір мүшесі мемлекетті қорғауға, оның амандығын сақтауға міндетті болуымен бірге, өзін сол мемлекеттің толық құқықты мүшесі әрі «мұрагері» деп кәміл сенетін.

Мәселен, біздің этникалық тегіміз, прототүрік ғұндар (біздің жыл санауымызға дейінгі III

ғасырдың екінші жартысымен біздің заманымыздың 1 ғасырына дейін өмір сүрген) империясының дәуірінде қалыптасқан мұрагерлік үрдісінен бір мысал келтірсек. Ғұн тәңірқұты Тұманның жарлығы бойынша соғыс майданында қаза болған сарбаздың сүйегін далада қалдырмай, өз еліне алып келген әскерге марқұмның балашағасына, мал-мүлікке иелік ету құқығы берілгендігі Қытайдың «тарихнама» атты жазбасында атап көрсетілген [3].

Демек, біз бұдан мұрагерлік дәстүрінің мындаған жылдық тарихы бар екенін аңғарамыз. Мұндағы назар аударарлық екі жағдайды атап өтелік: бірінші, елден шалғайда, жат жерде жорықта жүрген кез келген сарбаз ажал жетіп қаза болса, сүйегі далада қалып, ит-құсқа жем болмайтынына, туған жерден топырақ бұйыратынына нық сенімде болады. Екіншіден, майданда мерт болған боздақтың артында қалған бала-шағасы бас иесіз қалмай, қамқоршысы болатынына сеніммен жүре алады. Сөйтіп, әскер мен халық және мемлекетке біртұтас өмір сүруге кепілдік берілгенін көреміз. Бұл жағдай қазақ халқының өмірінде де күні кешеге дейін көріністе өз жалғасын тауып келгендігі белгілі.

Мұрагерліктен туындайтын қатынастар адам өміріне етене жақын болғандықтан, қай дәуірде де өз жалғастығын тауып келген. Мысалы, қазақтың көне халықтық тәжірибесінде мұраны бөлу жөнінде ертеден келе жатқан бір аңыз бар.

Бір адам үш баласына 17 жылқыны мұраға қалдырып, дүние салады.

Тұңғышына жартысын, ортаншысына үштен бірін, кенжесіне тоғыздан бірін өсиет еткен. Бұлар үлестерін бөлісе алмай, дағдарып отырғанда бір арық атты жолаушы кездеседі. Жолаушы өз атын әлгі жылқыларына қосып, «Енді үлестерінді ала беріңдер», – дейді, 18 жылқыдан тұңғыш баласы 9, ортаншысы 6, кенжесі 2 жылқы алып, бітіседі. Сөйтіп жолаушының арық аты артық қалады [4].

Мұнан көретініміз, өте ертеде-ақ мұра жағдайы, оны бөлісу сияқты мәселелер қазақ халқында да кездесіп, қал-қадірінше шешіліп отырған.

Қазіргі заманда мұндай есептер айтарлықтай маңызды орынға ие болған. Мысалы, әйгілі ғалым Мұхаммед Әл-Хорезмидің (780-850 жылдары өмір сүрген) «Алгоритми айтады» атты (830 жылдар шамасында жазылған) еңбегінде көзделген мақсатын кітаптың алғы сөзінде автордың өзі былай баяндайды: «Мен азаматтардың мұра бөлгенде, артына өсиет қалдырғанда... әр түрлі жұмыстарда зәру болып жүргенін ескеріп... жазуға тәуекел еттім» [3].

Осы ғылыми еңбектің үшінші бөлімі «Адамның өнер алдында өз мүліктерін жақындарына қалдыру жайындағы өсиеттері» тақырыбына арналған.

Иә, үй қожасы қайтыс болғанда, оның мал-мүлкін талан-тараждан сақтау үшін, бала-шағасына, әйеліне, туыстарына әділ және дұрыс бөліп беру үшін мұндай есептеулер қажет-ақ болған. Мұндай есептеулер сол кезде қабылданған ережелер арқылы жүргізіліп отырған. Ондай ережелер Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда да әрекет еткені белгілі. Төңкеріске дейінгі қазақ халқындағы барымта, мұраға таласу, жер және жесір даулары осындай ережелермен шешіліп келген. Оған мысал ретінде, 1885 жылғы Семей облысының қазақтары үшін қабылданған Қарамоладағы ережені айтуға болады. Бұл ереженің соңында Абайдың да қолы бар. Ол осы ережені жасаушыларға ақыл-кеңес беріп отырған сыңайлы. Міне, осы «Қарамола ережесінде» мұрагерлікке қатысты мынадай қағидалар бар.

«Егер ері өлген әйел баласы бар болса да, жоқ болса да екінші күйеуге тимей отырса, ерінен қалған барлық мал мен мүлікке өзі ие болады.

Қалыңдық өлгенде балдызы жездесіне тимесе, қыз әкесі алған қалың малын күйеуге қайтарады».

Осылайша, мұрагерліктен туындайтын қатынастар дәстүр ерекшеліктерін сақтай отырып, кеңес жылдарына дейін жалғасып келеді. Келесі кеңестік үкіметтің бағыт-бағдарына тәуелді болып, даму мүмкіндігі тежелген салалардың біріне айналды.

Сонымен, мұрагерлік дегеніміз – қайтыс болған адамның (мал қалдырушының) мүлігінің мұраға ие болатын азаматтардың (мұрагерлердің) иелігіне өтуі.

Сондықтан Қазақстан Республикасындағы барлық азаматтар шыққан тегіне, әлеуметтік жағдайына, ұлтына, нәсіліне, біліміне, тіліне, діни нанымына, тұрағына, атқаратын қызметіне қарамастан мұрагерлік құқына ие бола алады.

Мұрагерлік – азаматтық құқық қабілеттілігінің бір көрінісі. Занда көрсетілген реттер мен тәртіптерден басқа жағдайдағы, ешкімнің де құқық қабілеттілігіне немесе әрекет қабілеттілігіне шек қоюға болмайды.

Қайтыс болған азаматтың азаматтық құқықтары мен міндеттерінің мұрагер бола алатын азаматтарға өтуі мынандай белгілермен анықталады:

– мұраға ие болу негіздері мұрагерлік құқығының ережелерінде қарастырылған күрделі негізгі құбылыс;

– мұра арқылы берілетін құқықтар мен міндеттер мұра деп аталатын негізді құрайды;

– құқықтар мен міндеттерді қабылдап алушы мұрагерлік мұраға заң бойынша иеленуіне болады.

Мұрагерлік – мұра қалдырушының мүліктік құқықтары мен міндеттерінің заң бойынша басқа адамдарға (мұрагер) өтуін реттейді. Мұнда айта кететін жағдай, мүлік немесе заттар жиынтығы емес, керісінше мүліктік құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы. Сондықтан біз мұраның құрамына үй жөніндегі меншік құқығы, автомобиль емес, автомобиль жөніндегі меншік құқығы, сый емес, сыйға деген құқық т.с.с. кіретіндігін атаймыз.

Мұрагерлік бойынша қайтыс болған адамның жеке басымен байланысты құқықтары немесе өзіндік меншік құқығы заң бойынша заңды мұрагерлеріне өтеді. Мысалы, жалақы, авторлық төлемақы, жинақ банкісіндегі қаражат және тұрғын үй кооперативтеріндегі ұпайлар.

Сондай-ақ, бұл жерде айта кететін нәрсе – мұрагерлік құқық бойынша мұрагерлерге мұра қалдырушының борыштары ауысады. Мұраны қабылдап алған мұрагер мұра қабылдаушының борыштарына өзіне ауысқан мұралық мүліктің нақты құны шектерінде жауап береді.

Мұраға ие болу негіздері заң бойынша және өсиет бойынша жүзеге асырылады. Мұра қалдырушы өзінің мүлкін немесе оның бір бөлігін кез келген адамға, мемлекетке, мемлекеттік, кооперативтік және басқа да қоғамдық ұйымдарға өсиет бойынша қалдыра алады.

Сондай-ақ, ол мұрагерінің кенет дүние салушының немесе оны алмайтындай жағдайда тап болуын ескеріп, өсиетінде басқа мұрагерін көрсетуге де құқылы. Мұра қалдырушы өз өсиетінде өсиеттік парыз дегенді жазып көрсете алады.

Өсиет бойынша мұрагеріне бір немесе бірнеше адамның пайдасын көздейтін міндетті

орындауды, мысалы, оның меншігіне бір затты беруді.

Үйді немесе оның бір бөлігін өмір бойы пайдалануды, белгілі соманы төлеуді тапсыра алады.

Заң бойынша кез келген азаматтың жеке меншігіндегі ақша, лицензиялар, патенттер, шетел валютасы, акциялар өз шаруашылығын жүргізуінен түсетін еңбек табыстары, үй, саяжай және басқа да күнделікті тұрмыс қажетіне арналған мүліктері болуы мүмкін.

Қосалқы шаруашылықпен айналысу үшін кез келген азамат заң бойынша өмірлік мұрагерлік иелікке жер бөліктерін пайдалана алады. Сонымен мұрагерлік құқық азаматтардың жеке меншігімен тығыз байланыста және әрбір азаматтың Конституциялық құқы болып табылады.

Біздің заманымызға дейін Қазақстан территориясында өмір сүрген сақтар мемлекеті рудың әскери демократиялық формасын қалыптастырып, оны кейінгі пайда болған үйсін, қаңлы, ғұн тайпаларына мұра есебінде қалдырды. Үйсіндердің саяси өмірінде Билер кеңесі болған. Билер мұрагерлік заңды бұзуға жол бермеген.

Саяси мұрагерлік үрдіс заңдары түркілерде де болған. Түркілерде мұрагердің таққа отыруы алдыңғы қағанның ауызша өсиеті, тәңірінің қалауы және сайлап қою сияқты үш түрлі жолмен іске асырылды. Түркілерде «Әке өлсе, ұлы мұрагер, аға өлсе іні мұрагер» деген өсиет сақталынды. Яғни, түркі халықтарындағы саяси мұрагерліктің ерекшелігі биліктің бір әулеттің дара билігінде болуын көздейтін қандастық негізде тұқым қуалай жалғасатын үрдіс болғанын дәлелдейді [1].

Мұрагерлік мәселеге хандық дәуірде де ерекше көңіл бөлінген. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның әскери жолы», «Жеті жарғы» заңдарында саяси, әкімшілік әскери мұрагерлікпен қатар, отбасылық қарым-қатынастағы мұрагерлік те қамтылған. Қазақтарда әке өсиеті көзінің тірісінде куәгердің қатысуымен ауызша айтылып, орындалуға міндетті болған.

Әдебиеттер

- 1 Веберс Я.Р. Правосубъектность граждан в советском гражданском и семейном праве. – Рига, 1976.
- 2 Жақыпов. Неке және Отбасы. – Алматы, 1994.
- 3 Антокольская М.В. Семейное право. – М., 1996.
- 4 Азаматтық іс жүргізу құжаттары: Бала асырап алу жөніндегі сот шешімдерінің көшірмелері. – Алматы, 2001.

References

- 1 Veberc J.P. Pravosubektnost grazhdan v sovetskom grazhanskom i semeinom prave. – Riga, 1976.
- 2 Zhakypov. Neke zhane Otbasy. – Almaty, 1994.
- 3 Antolskaya M.V. Semeinoe pravo. – M., 1996.
- 4 Azamattyk is zhurgizy kuzhattary: Bala asyrap alu zhonindegi sot sheshimderinin koshirmeleri. – Almaty, 2001.